

## Азаматтарды Ақтау қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасының шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру жөнінде шаралар туралы

Ақтау қаласының әкімінің 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 373 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 04 ақпанда № 11-1-148 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабының 3 тармағына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. «Ақтау қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі, 2011 жылғы қаңтар - наурызда, 1994 жылы туған, тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын және бұрын тіркеуден өтпеген, Ақтау қаласының аумағында тұрып жатқан ересек жастағы еркек жынысты азаматтардың әскерге шақыру учаскесіне тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

2. Меншік нысандарына қарамастан кәсіпорын, мекеме, ұйым және оқу орындары б а с ш ы л а р ы н а ұ с ы н ы л с ы н :

1) тіркелуге жататын азаматтарды қаланың шақыру учаскесіне шақыру жөнінде құлақтандыруын және шақыру бойынша уақытында келуін қамтамасыз ету;

2) тіркелуге дейінгілерді әскери есепке қою үшін қажетті уақытқа, жасөспірімдерді жұмыс (оқу) орындарындағы жалақыларын (стипендияларын) сақтай отырып, жұмыстан ( о қ у д а н ) б о с а т у .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Т.Елтизаровқа жүктелсін .

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

О. Қазақбаев

К Е Л І С І Л Д І :

«Ақтау қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы»

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ж . Д ү й с е н о в

24 желтоқсан 2010ж.